



Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 наурыздағы N 64 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш аудандық әділет басқармасында 2011 жылы 17 наурызда N 10-6-182 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы N 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2012.01.17 N 18 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ету мақсатында Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Жалағаш кенті және ауылдық округі әкімдері белгіленген орындарды стендтермен, тақталармен және тұғырлықтармен жарақтандырсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Қ. Бекенов

2011 жылғы "01" наурыздағы
N 64 Жалағаш ауданы әкімдігінің
қаулысына қосымша

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

N	Сайлау учаскесі	Елді мекендер ағауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	2	3	4
1.	N 117 сайлау учаскесі	Жалағаш кенті	"Әділет" базарының алдында орналасқан аумақ
2.	N 118 сайлау учаскесі	Жалағаш кенті	Орталық стадион алдында орналасқан аумақ
3.	N 119 сайлау учаскесі	Жалағаш кенті	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық емхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанында орналасқан аумақ
4.	N 120 сайлау учаскесі	Жалағаш кенті	"N 202 орта мектебі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында орналасқан аумақ

5.	N 310 сайлау учаскесі	Жалағаш кенті	"Қызылорда облысы Жалағаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанында орналасқан аумақ
6.	N 121 сайлау учаскесі	Ақсу ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының алдында орналасқан аумақ
7.	N 122 сайлау учаскесі	Шаменов ауылдық округі	Ауылдық Мәдениет үйі алдында орналасқан аумақ
8.	N 123 сайлау учаскесі	Қаракеткен ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанында орналасқан аумақ
9.	N 124 сайлау учаскесі	Далдабай ауылы	Ауылдық клуб ғимаратының жанында орналасқан аумақ
10.	N 125 сайлау учаскесі	Бұқарбай батыр ауылдық округі	Бұқарбай батыр және Абай көшелерінің қиылысында орналасқан аумақ
11.	N 319 сайлау учаскесі	Бұқарбай батыр ауылдық округі	Бұқарбай батыр көшесінің бойында орналасқан сквер алаңы
12.	N 126 сайлау учаскесі	Таң ауылдық округі	"Таң" ЖШС-і ғимаратының жанында орналасқан аумақ
13.	N 127 сайлау учаскесі	Мақпалкөл ауылдық округі	Ауылдық Мәдениет үйі жанында орналасқан аумақ
14.	N 320 сайлау учаскесі	Мақпалкөл ауылдық округі	Ауылдық дәрігерлік амбулатория ғимараты жанында орналасқан аумақ
15.	N 128 сайлау учаскесі	Жаңаталап ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының алдында орналасқан аумақ
16.	N 129 сайлау учаскесі	Мәдениет ауылдық округі	Мектеп және Қабылов көшелерінің қиылысында орналасқан аумақ
17.	N 321 сайлау учаскесі	Мәдениет ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының алдында орналасқан аумақ
18.	N 311 сайлау учаскесі	Аққолқа ауылы	Ауылдық медициналық пункт ғимаратының алдында орналасқан аумақ
19.	N 130 сайлау учаскесі	Мырзабай ахун ауылдық округі	Ауылдық амбулаториялық пункт ғимаратының жанында орналасқан аумақ
20.	N 131 сайлау учаскесі	Аққыр ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының алдында орналасқан аумақ
21.	N 132 сайлау учаскесі	Аққұм ауылдық округі	Ауылдық байланыс бөлімшесі ғимаратының алдында орналасқан аумақ
22.	N 322 сайлау учаскесі	Аққұм ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанында орналасқан аумақ
23.	N 133 сайлау учаскесі	Еңбек ауылдық округі	Ауылдық Мәдениет үйі ғимаратының жанында орналасқан аумақ
24.	N 134 сайлау учаскесі	Аламесек ауылдық округі	Бостандық және Аламесек көшелерінің қиылысында орналасқан аумақ
25.	N 323 сайлау учаскесі	Аламесек ауылдық округі	Ауылдық байланыс бөлімшесі ғимаратының жанында орналасқан аумақ
26.	N 135 сайлау учаскесі	Жаңадария ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанында орналасқан аумақ

"Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу туралы" Жалағаш ауданының әкімдігі қаулысының жобасына түсіндірме жазба

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағында жергілікті атқарушы органдар тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілейді және оларды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарақтандырады. Үгіттік баспа материалдары барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ететін жағдайда орналастырады делінген.

Осыған орай, 2011 жылғы 3 сәуір күні өткізілетін Қазақстан Республикасы Президенттігіне сайлау барысында барлық кандидаттар үшін тең құқықтар қамтамасыз ету мақсатында үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, осы белгіленген үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары басқа да өткізілетін сайлау барысында қолданылады.